ФАКС NO. : ЯНВ. 08 2011 01:40 СТР1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ҚОРҒАЛЖЫН АУДАНЫ ДРУЖБА ОРТА МЕКТЕБІ ММ
№ 197
2012 ж. 18 октября

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
ҚОРҒАЛЖЫН АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКМОЛИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
КОРГАЛЖЫНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

021300 Қорғалжын ауылы Х. Болғанбаев көшесі, 9.
тел,2-19-33, факс 219 40
akimat.korg@mail.ru

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

021300 с.Коргалжын ул. Х. Болганбаева 9,
тел,2-19-33, факс 21940
akimat.korg@mail.ru

4.02.11 № 20

**Дружба орта мектебінде**
**мектепке дейінгі**
**шағын орталық ашу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі «Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы» №372 бұйрығына сәйкес және Ақмола облысы әкімдігінің 16.08.2007 жылғы №А-8/294 қаулысы негізінде,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында,аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Аудан орталығындағы 2-5 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру үшін, Дружба орта мектебі жанындағы интернаттан мектепке дейінгі 25 балаға шағын орталық ашылып, оның 15 балалық орны аз қамтылған, жағдайы төмен көп балалы отбасы балаларынан, жергілікті бюджет қаражатымен қамтылсын.

2. Аудандық білім бөліміне (Д.Ақылбай), бюджет тарапынан төлем ақысыз қамтылған балаларды анықтау, қабылдау жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.

3.Аудандық экономика және қаржы бөлімі (С.Ахметов) мектепке дейінгі шағын орталықты керекті құралдармен жабдықтау үшін қаржы көзін қарастырсын.

4.Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары С.Аққожинаға жүктелсін.

Аудан әкімі С.Қасенов